

ЖЕМ - САҒЫЗ

№33 (7893) 20 тамыз, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Еңбек нарығы

СЕРІКТЕСТІК – ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕПІЛІ

Аудан тұрғындарын еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға даярлап, тұрақты жұмыспен қамтуда жұмыс берушілермен әріптестіктің маңызы зор. Осы бағытта ауданда мансап орталығы «QazCement Industries» ЖШС-мен байланысты нығайтып, кәсіби оқыту мен кадр даярлауға бағытталған бірлескен жұмыстарды қолға алды.

Қазіргі таңда еңбек нарығындағы басты міндеттердің бірі – жұмыссыз азаматты жұмыс орнына орналастырумен шектелмей, оның кәсіби біліктілігін арттырып, нақты сұранысқа ие мамандықты меңгеруіне жағдай жасау. Бұл ретте жұмыс берушінің қажеттілігін алдын ала ескеріп, мамандарды мақсатты түрде даярлау – тиімді тәсілдердің бірі.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мансап орталығының директоры Әлібек Бисенбаев және орталық мамандары Асылбек Жолдыұлы мен Мәди Ильясов «QazCement Industries» ЖШС-не арнайы барып, кәсіпорын өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында еңбек нарығындағы ахуал, жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру, бос жұмыс орындарын қажетті мамандармен қамту және азаматтардың кәсіби даярлау мәселелері талқыланды.

Кездесу қорытындысында тараптар өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат екіжақты байланысты жүй-

келей байланыс орнату – жұмыспен қамтудың нәтижелілігін арттыратын негізгі тетіктердің бірі.

– Біздің мақсатымыз – азаматты кез келген жұмысқа орналастыру ғана емес, оның тұрақты әрі болашағы бар мамандық иесі болуына мүмкіндік жасау. Бұл ретте жұмыс берушінің нақты қажеттілігін білу өте маңызды. «QazCement Industries» ЖШС-мен жасалған келісім осы қажеттілікті ескере отырып, азаматтарды кәсіби даярлауға жол ашады. Ал кәсіби білімі бар маманның тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі де жоғары, – деді ол.

Іссапар барысында Мансап орталығы арқылы кәсіби оқуға жолданған азаматтармен де кездесу өтті. Орталық мамандары олардың оқу барысымен танысып, білім алу кезінде кездескен мәселелерін тыңдады. Сонымен қатар азаматтардың кәсіпорындағы еңбек және өндірістік ортаға бейімделуі, оқу жағдайы мен болашақ жұмыс орындары туралы пікірлері назарға алынды.



мысқа орналасуға бағытталған нақты қадам саналады.

Бүгінде жұмыс берушілер үшін білікті кадр мәселесі өзекті. Сондықтан кәсіпорынның қажеттілігіне сәйкес маман даярлау екі тарапқа да тиімді. Жұмыс іздеуші азамат нақты сұранысқа ие кәсіпті меңгерсе, жұмыс беруші өз өндірісіне қажетті кадрды алдын ала қалыптастыруға мүмкіндік ала-

Жалпы, Мансап орталығының негізгі міндеттерінің бірі – жұмыс іздеуші мен жұмыс беруші арасындағы тиімді байланысты қалыптастыру. Мұндай өзара ықпалдастық еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты үйлестіріп қана қоймай, жергілікті тұрғындардың кәсіби әлеуетін арттыруға жол ашады.

Алдағы уақытта мансап орталығы мен «QazCement



елеп, аудан тұрғындарын кәсіби оқытуға, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға даярлауға және кейін тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік бермек.

Мансап орталығының директоры Әлібек Бисенбаевтың айтуынша, жұмыс берушімен ті-

Мұндай бақылау жұмыстарының маңызы зор. Себебі азаматты кәсіби оқуға жіберу – жұмыспен қамту шарасының алғашқы кезеңі болса, оның оқу барысын қадағалау, кәсіпорынмен байланысын қамтамасыз ету және еңбек жағдайымен алдын ала таныстыру тұрақты жұ-

ды. «QazCement Industries» ЖШС-мен қолға алынған әріптестік те осы мақсатқа бағытталған. Бірлескен жұмыстар аудан тұрғындарының кәсіби білім алуына, тәжірибе жинақтауына және тұрақты жұмысқа орналасуына жаңа мүмкіндік береді.

Industries» ЖШС-і арасындағы бірлескен жұмыстар жалғасын тауып, азаматтарды кәсіби оқыту, біліктілігін арттыру және тұрақты жұмыспен қамту бағытындағы өзара байланыс одан әрі нығая түспек.

Әйгерім КАРИМАН

Жұмыспен қамту

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ЖАСТАРҒА АРНАЛДЫ

Ауданда халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жастарға еңбек нарығындағы мүмкіндіктерді таныстырып, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуға жол ашты.

Жастарды жұмыспен қамту, олардың еңбек нарығына белсенді араласуына жағдай жасау және тұрақты жұмысқа орналасуына қолдау көрсету – бүгінгі күннің өзекті бағыттарының бірі. Осы ретте ауданда Халықаралық жастар күніне орай «Жастар. Жігер. Болашақ» атты шағын бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.



(Басы. Соңы 2-бетте).

Акция



«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»: ӘР БАЛАҒА ЖАСАЛҒАН ҚОЛДАУ – САПАЛЫ БІЛІМ АЛУҒА ЖАСАЛҒАН МҮМКІНДІК

Жаңа оқу жылы қарсаңында ауданда «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы жалғасуда. Әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан балаларға қолдау көрсетіп, оларды оқу жылына қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді мақсат еткен акция аясында мемлекеттік қолдаумен қатар, демеушілер, кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер мен аудан тұрғындары да қайырымдылық іске атсалысып келеді.

«Мектепке жол» акциясы ең алдымен әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан балаларға қолдау көрсетуге, оларды жаңа оқу жылына дайындауға және білім алуға қажетті жағдай жасауға бағытталған. Биыл акция аясында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға ғана емес, төтенше жағдайға тап болған отбасылардың балаларына да ерекше назар аударылуда.

Балалардың көмек алуға тиісті санатын анықтауда білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік паспорттар, әлеуметтік педагогтердің мәліметтері, ата-аналардың өтініштері және отбасының әлеуметтік жағдайын зерделеу нәтижелері негізге алынады.

Биыл мемлекеттік бюджет есебінен 704 бала бір жолғы материалдық көмекпен қамтылып, әр балаға 50 851 теңгеден берілді. Жалпы осы мақсатқа 35 799 104 теңге бөлінді. Қаржылай көмек ата-аналарға балаларына мектеп формасын, аяқ киімін, мектеп сөмкесін, оқу құралдарын және оқу жылына қажетті басқа да заттарды сатып алуға мүмкіндік береді.

Ал демеушілер тарапынан көрсетіліп жатқан көмек те аз емес. Қазіргі таңда 200-ге жуық мектеп сөмкесі оқу құралдарымен бірге табысталды. Сонымен қатар 25 бала мектеп

формасы, аяқ киім және спорттық киімдермен қамтамасыз етілді. Акцияға компаниялар, мемлекеттік мекемелер, жеке кәсіпкерлермен қатар, аудан тұрғындары мен жомарт жандар да өз үлестерін қосуда.

Білім бөлімінің басшысы Мұрат Дабыс акцияның маңыздылығына тоқталып, көмекке мұқтаж балаларды назардан тыс қалдырмау басты міндет екенін айтты.

– Биыл мемлекеттік бюджет есебінен көмек алатын балалардың саны өткен жылмен салыстырғанда артты. Өсіресе төтенше жағдайға тап болған отбасылардың балаларына ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл жұмыста демеушілер мен кәсіпкерлердің қолдауы да маңызды, өйткені олардың көмегі балаларды қажетті мектеп құралдары мен киім-кешекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Былтыр мемлекеттік бюджет есебінен 580 бала бір жолғы көмек алса, биыл бұл көрсеткіш 704 балаға жетіп отыр. Яғни өткен жылмен салыстырғанда көмек алатын балалар саны 124-ке көбейіп, шамамен 21,4 пайызға артқан. Биыл олардың қатарында төтенше жағдайға тап болған отбасылардың 144 баласы да бар.

(Басы. Соңы 2-бетте).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның теп дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетені алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Жұмыспен қамту

Бос жұмыс орындары
жәрмеңкесі жастарға арналды

(соңы. Басы 1-бетте).

Шараның негізгі мақсаты – жұмыс іздеушілерге аудан аумағындағы бос жұмыс орындары туралы нақты ақпарат беру, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру және жұмыс берушілер мен азаматтар арасында тікелей байланыс орнату. Мұндай кездесулер жұмыс іздеп жүрген азаматтарға өз мүмкіндігін бағалап, өзіне лайықты қызметті таңдауға мүмкіндік береді.

Жәрмеңке барысында аудан аумағында қызмет ететін жұмыс берушілер өздеріндегі бос жұмыс орындарын ұсынып, жұмысқа орналасуға қойылатын талаптар, еңбек жағдайлары мен қызметтік міндеттер жөнінде түсіндірді. Ал жұмыс іздеушілер өздерін қызықтырған жұмыс орындары бойынша мамандардан қажетті ақпарат алып, жұмыс берушілермен тікелей сұхбаттасуға мүмкіндік алды.

Шараға барлығы 76 жұмыс іздеуші және жұмыссыз азамат қатысты.

Жәрмеңке қорытындысы бойынша 24 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Сонымен қатар олардың ішінде 9 азамат «Жастар тәжірибесі» жобасына жолданды.

Жәрмеңкеде қол жеткізілген бұл нәтиже жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерді бір алаңда тоғыстырудың тиімділігін көрсетеді. Бір жағынан, кәсіпорындар мен мекемелерге қажетті мамандарды табуға мүмкіндік берілсе, екінші жағынан, азаматтар өздеріне қолайлы жұмыс орындары туралы тікелей ақпарат алып, жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Әсіресе еңбек жолын енді бастап келе жатқан жастар үшін мұндай шаралардың маңызы зор. Себебі оқу орнын тәмамдаған жас маманның дипломы болғанымен, еңбек тәжірибесінің аздығы жұмысқа орналасу кезінде белгілі бір қиындықтар туындатуы мүмкін. Осы тұста «Жастар тәжірибесі» жобасы жас мамандарға алғашқы кәсіби қадамын жасауға мүмкіндік беретін маңызды тетік ретінде ерекшеленеді. Жоба аясында жастар алған білімдері мен кәсіби дағдыларын іс жүзінде қолданып, еңбек ұжымының жұмысымен танысады, тәжірибе жинақтайды. Бұл өз кезегінде жас маманның кәсіби қабілетін шыңдап қана қоймай, болашақта тұрақты жұмысқа орналасуына да жол ашады. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің маңыздылығы да осында. Бұл – тек жұ-

мыс беруші мен жұмыс іздеушіні кездестіретін алаң емес, азаматтардың еңбек нарығындағы жағдайды бағалап, кәсіби бағытын айқындауына ықпал ететін мүмкіндік.

Қазіргі таңда тұрақты жұмыстың болуы – азаматтың әлеуметтік жағдайына ғана емес, отбасының әл-ауқатына да тікелей әсер ететін маңызды фактор. Сондықтан жұмыспен қамтуға бағытталған әрбір шараның түпкі нәтижесі нақты жұмыс орнына орналасумен өлшенеді.

Ауданда халықты жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Негізгі басымдық – азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру, жастардың еңбек нарығына еркін енуіне жағдай жасау, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасындағы байланысты нығайту және тұрғындарға қолжетімді еңбек мүмкіндіктерін ұсыну.

Бүгінде еңбекке ұмтылған жас үшін мүмкіндік көп. Ең бастысы – сол мүмкіндікті дер кезінде пайдаланып, өзіне лайықты бағытты таңдай білу. Ал мұндай жәрмеңкелер жастарға алғашқы қадам жасауға нақты мүмкіндік береді.

«Жем-Сағыз» ақпарат

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»: ӘР БАЛАҒА
ЖАСАЛҒАН ҚОЛДАУ – САПАЛЫ БІЛІМ АЛУҒА
ЖАСАЛҒАН МҮМКІНДІК

(соңы. Басы 1-бетте).

Жалпы, жаңа оқу жылына дайындық барысында ата-аналар тарапынан мектеп формасын, аяқ киімді, мектеп сөмкесін және оқу құралдарын сатып алуға байланысты өтініштер жиі кездеседі. Әсіресе бірнеше баласы мектепте оқитын отбасылар үшін оқу жылы басталар алдындағы шығын көлемі едәуір болады. Сондықтан мемлекеттік бюджеттен көрсетілетін материалдық көмекпен қатар, демеушілер мен кәсіпкерлердің заттай көмегі де ата-аналар үшін үлкен қолдау болып отыр.

Акцияның тиімділігін тек көрсетілген қаржы көлемімен немесе таратылған заттар санымен бағалау жеткіліксіз. Оның басты нәтижесі – әлеуметтік жағдайына қарамастан, әр баланың жаңа оқу жылын қажетті мектеп құралдарымен, киім-кешекпен және оқу жабдықтарымен қамтамасыз етілген жағдайда бастауы. Осы мақсатта білім бөлімі тарапынан да тиісті бақылау жүргізілуде. Әр білім беру ұйымындағы әлеуметтік паспорттар жаңартылып, әлеуметтік педагогтер мен сынып жетекшілері арқылы оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерделенеді. Отбасылардың әлеуметтік жағдайындағы өзгерістер,



ата-аналардың өтініштері және қосымша көмекке деген қажеттілік ескеріледі. Сонымен қатар білім беру ұйымдары бойынша көмек алған балалардың тізімі мен көрсетілген көмектің нәтижесі де бақылауда болады.

«Мектепке жол» акциясы әлі де жалғасып жатқандықтан, демеушілер тарапынан көрсетілген көмектің нақты көлемі, қамтылған балалар саны және тартылған қаражаттың жалпы сомасы акция аяқталғаннан кейін қорытындыланады.

Әр балаға жасалған қолдау – оның сапалы білім алуына жасалған мүмкіндік. Сондықтан білім бөлімі аудан тұрғындарын, мемлекеттік мекемелерді, компанияларды, жеке кәсіпкерлерді, ұйымдар мен жомарт жандарды «Мектепке жол» акциясына белсенді қатысуға шақырады.

Өйгерім ЖАРТИНА

Заң мен тәртіп

ЗАҢ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК – АНЫҚТАУШЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ

Анықтау жұмысы – тек қылмысты ашып, процессуалдық құжаттарды рәсімдеу емес. Оның ар жағында адам таадыры, жәбірленушінің құқығы, күдіктінің заңды мүддесі және қоғамның қауіпсіздігі тұр. Сондықтан бұл сала маманнан кәсіби біліммен қатар, жоғары жауапкершілікті, сабырлылықты, ұқыптылықты және әділдікті талап етеді. Аудандық полиция бөлімінің анықтау тобының аға анықтаушысы, полиция капитаны Заманбек Найзабаев та өз қызметінде осы қағидаларды басты орынға қояды. Ол анықтау жұмысының ерекшелігі, кәсіби жауапкершілік, заманауи технологиялардың мүмкіндігі, мемлекеттік тілде іс жүргізу және жас мамандардың бойында қалыптасуы тиіс қасиеттер туралы ой бөлісті.



– Полиция саласын таңдауыма адамдардың қауіпсіздігіне үлес қосып, заңның орындалуына қызмет етсем деген мақсатым себеп болды. 2013 жылы полиция бөлімінің миграция бөліміне жұмысқа келдім. Кейін 2023 жылы анықтаушы қызметіне ауысуға қызығушылығым оянып, осы бағытты таңдадым. Бүгінде аға анықтаушы қызметін атқарып келемін. Осы аралықта Ақтөбе қаласына жолдамамен барып, білімдіміз жетілдірілді. Бұл салаға келген адам ең алдымен өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуі керек. Өйткені анықтаушының қабылдаған әрбір шешімі істің әрі қарайғы тағдырына әсер етеді. Қызметте бір күннің екінші күнге ұқсамайтыны да сондықтан. Бір күні оқиға орнын қарауға барсаң, келесі күні азаматтардан жауап алып, құжаттарды зерделең, дәлелдерді саралап, процессуалдық шешімдер қабылдауға тура келеді. Кейде істің бір қарағанда елеусіз көрінген тұсы кейін маңызды дәлелге айналуы мүмкін. Сондықтан асығыстыққа жол бермей, әрбір дерекке мұқият қарау – жұмыстың басты талаптарының бірі, – дейді Заманбек Найзабаев.

Айтуынша, анықтаушының жұмысындағы ең күрделі міндеттердің бірі – оқиғаның шынайы мән-жайын толық әрі объективті анықтау. Себебі әр істің өз ерекшелігі бар. Оқиғаға қатысушылардың берген түсініктемелері де бір-біріне сәйкес келмебейді. Бір тараптың пікірі екінші тараптың айтуымен қайшы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда маманның эмоцияға емес, нақты дәлелдерге, заң талаптарына және жан-жақты тексерілген деректерге сүйенуі аса маңызды.

–Тергеу мен анықтау барысында қандай да бір тараптың сөзіне бірден сену немесе керісінше, оны негізсіз күмәнға алу дұрыс емес. Әрбір мәлімет тексеріліп, өзге дәлелдермен салыстырылып, істің жалпы мазмұнымен саралануы тиіс. Өйткені құқық қорғау саласындағы басты мақсат – белгілі бір адамды кінәлі деп тану емес, істің ақиқатын анықтап, заң шеңберінде әділ шешім қабылдау, – деген анықтаушы азаматтармен жұмыс барысында кәсіби мәдениеттің де орны ерекше екенін баса айтты. Яғни, куәгер, жәбірленуші немесе күдікті болсын, әр адамның сөзін мұқият тыңдап, оның жағдайын түсіне білу қажет. Анықтаушы заңды жақсы білумен қатар, адам психологиясын да түсінгені жөн. Себебі кейбір азаматтар болған жағдайға байланысты қобалжып, күйзеліске түсіп, оқиғаның мән-жайын бірден толық жеткізе алмауы мүмкін. Мұндай сәтте сұрақты дұрыс қою, адамның психологиялық жағдайын еске-

ру және сонымен бірге қызметтік шекараны сақтай білу – маманның кәсіби шеберлігін көрсетеді.

– Анықтаушы бірнеше тарапты тыңдап, қажетті сұрақтарға жан-жақты жауап алғаннан кейін ғана істі толық зерделейді. Қандай да бір сыртқы күштің немесе жеке пікірдің ықпалына берілмей, заңға сүйеніп шешім қабылдау маңызды. Ішкі түйсік те белгілі бір деңгейде көмектесуі мүмкін, алайда түпкілікті шешім нақты дерек пен заң талабына негізделуі керек, – дейді Заманбек Серікұлы.

Адам тағдырына қатысты шешім қабылдайтын маман үшін адами фактордың да маңызы зор. Анықтаушы қанша тәжірибелі болғанымен, кез келген жұмыста қателесу қаупі жоқ деп айту қиын. Сондықтан қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігі тиісті қадағалау және бекіту рәсімдерінен өтеді. Бұл – азаматтардың құқықтарын қорғауға және процессуалдық шешімдердің заң талаптарына сай болуына бағытталған маңызды тетік.

Анықтаушының жұмыс уақыты да өз алдына бір мәселе. Қағаз жүзінде бекітілген сепіз сағаттық жұмыс уақыты болғанымен, қылмыстың нақты қай уақытта, қандай жағдайда орын алатынын алдын ала болжау мүмкін емес. Сондықтан полиция қызметкерлерінің, соның ішінде анықтаушылардың да қызметі белгілі бір уақытпен шектеле бермейді.

– Біздің жұмыс – сағатпен санаса алмайды. Басты мақсат – адам өмірі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы тұрғыдан алғанда, тәулік бойы қызметке дайынбыз деп айта аламын. Кейде жұмысты бірінші орынға қойып, отбасын екінші орынға ысыратын сәттер де болады. Осындай жауапкершілігі мол қызметте жүргендіктен, отбасының, ата-анаңның түсіністік танытуы аса маңызды, – дейді ол.

Құқық қорғау саласындағы жұмыстың сырт көзге байқала бермейтін тағы бір ерекшелігі – маманның үнемі дайындықта жүруі. Кез келген уақытта жаңа шақырту түсуі, қосымша дерек анықталуы немесе істің жаңа қыры ашылуы мүмкін. Сондықтан анықтаушы үшін уақытты дұрыс ұйымдастырумен қатар, кез келген жағдайға психологиялық тұрғыдан дайын болу маңызды.

Қазіргі таңда қылмыстарды ашу мен анықтау барысында заманауи технологиялардың мүмкіндігі кеңінен пайдаланылып келеді. Бейнебақылау камераларындағы жазбалар, цифрлық ақпараттар, түрлі сараптамалар мен техникалық құралдар істің мән-жайын анықтауға айтарлықтай көмектеседі. Бұған дейін азаматтардан жауап алу, құжаттарды толтыру сияқты



көптеген процессуалдық жұмыстар қағаз жүзінде жүргізілсе, бүгінде бірқатар бағыт электрондық форматқа көшті.

– Электронды түрде қабылданған жауаптың өзіндік тәртібі бар. Азаматтың берген жауабы кейіннен өзгертілмейді, қабылданған мәлімет жүйеде сақталады. Бұл бір жағынан, жұмысты жүйелеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, процессуалдық әрекеттердің ашықтығы мен нақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Дегенмен технология қанша дамығанымен, оны дұрыс қолданатын маманның білімі мен тәжірибесін алмастыра алмайды. Сондықтан құқық қорғау қызметкері жаңа тәсілдер мен технологияларды меңгерумен қатар, заңнаманы үнемі оқып, білімін жетілдіріп отыруы қажет, – дейді аға анықтаушы.

Оның айтуынша, кез келген қылмыстық істің артында бір ғана адамның тағдыры тұр деп қарауға болмайды. Бір адамның әрекеті бірнеше адамның өміріне, тіпті тұтас бір отбасының тыныштығына әсер етуі мүмкін. Сондықтан анықтаушы қабылдайтын шешімнің салмағын әрдайым сезінуі керек. Бұл – маманның кәсіби жауапкершілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі.

Заманбек Найзабаевтың қызметіндегі назар аударарлық бағыттың бірі – қызметтік құжаттар мен іс жүргізуді мемлекеттік тілде жүзеге асыру. Құқық саласында тілдің маңызы айрықша. Өйткені заң мәтініндегі бір сөздің өзі белгілі бір құқықтық мағынаны білдіреді. Сондықтан құжатты қазақ тілінде жүргізу тек тіл талабын орындау емес, кәсіби міндетті мемлекеттік тілде сауатты әрі сапалы атқара білу деген сөз.

– Мемлекеттік тілде жұмыс жүргізудің мен үшін маңызы зор. Бұл – тек құжатты қазақ тілінде толтыру емес, кәсіби міндетті мемлекеттік тілде сапалы атқара білу. Құқық саласында әрбір сөздің, әрбір терминнің өзіндік мәні бар. Сондықтан құжаттың мазмұны нақты әрі түсінікті болуы керек. Кәсіби терминдерді қолдануда қиындық кездессе, заңнамалық құжаттар мен бекітілген терминдерді негізге аламын. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту әр маманның өз қызметінен басталады деп ойлаймын, – дейді ол.

Анықтаушының айтуынша, құқық қорғау саласында тіл мәселесі бір ғана құжатпен шектелмейді. Азаматтың өз ойын қай тілде еркін жеткізгісі келетіні де ескерілуі тиіс. Қылмыс ұлтқа да, тілге де бөлінбейді. Әр азаматтың өзіне түсінікті тілде жауап беруіне құқығы бар. Ал азаматқа осы мүмкіндікті жасау, оның құқықтарын сақтай отырып жұмыс жүргізу – маманның кәсібилігін көрсететін маңызды талап.

Мемлекеттік тілде қызмет атқару арқылы маман тек құжат айналымына ғана үлес қоспайды. Ол құқықтық терминдердің қазақ тілінде орнығуына, заң саласындағы кәсіби тілдің қалыптасуына да ықпал етеді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты әр қызметкердің жеке жауапкершілігімен байланыстыруға болады.

Кейіпкер жас мамандардың кәсіби қалыптасуына да ерекше тоқталды. Оның пікірінше, жаңадан қызметке келген маман теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруы керек. Қызметке кіріскен алғашқы күннен бастап барлық істі бірден меңгеріп кету мүмкін емес. Әр істің өзіндік ерекшелігі бар. Уақыт өте келе түрлі жағдайларды көріп, олардан сабақ алу арқылы тәжірибе жинақталады.

Бұл ретте аға буынның тәжірибесін үйрену, заңнаманы тұрақты оқу, өз жұмысына сырт көзбен баға бере білу және жіберілген кемшіліктерден қорытынды шығару жас маманның кәсіби тұрғыдан өсуіне жол ашады. Құқық қорғау саласында тоқтап қалуға болмайды. Заңнама өзгеріп, жаңа талаптар енгізіліп, технологиялар дамып отырады. Демек, маманның білімі де үнемі жаңарып тұруы тиіс.

– Жас мамандарға ең алдымен өз ісіне адал болуға кеңес берер едім. Анықтаушы үшін ұқыптылық пен сабырлылық өте маңызды. Қандай жағдай болмасын, эмоцияға берілме, заң аясында әрекет ету керек. Әр іске «осы жерде адамның тағдыры тұр» деген жауапкершілікпен қараған жөн. Сонымен бірге қателіктен қорықпай, одан сабақ алып, білімді үнемі толықтырып отыру қажет. Кәсібилік бір күнде қалыптаспайды. Ол күнделікті еңбек, ізденіс және тәжірибе арқылы келеді, – дейді полиция капитаны.

Оның сөзінен қызметтің сыртқы тәртібінен гөрі ішкі жауапкершілігінің салмағы басым екені аңғарылады. Анықтаушының жұмысы – тек қылмыстық істің мән-жайын анықтау емес. Әрбір әрекетті заң талаптарына сәйкес жүргізу, азаматтардың құқықтарын сақтау, дәлелдерді жан-жақты зерделеу және өшкімнің ықпалына берілмей әділ шешімге ұмтылу – осы мамандықтың өзегін құрайды.

Сондықтан заңды білу – міндет болса, оны әділ әрі жауапкершілікпен қолдану – мамандықтың басты талабы. Заманбек Найзабаевтың қызметтік ұстанымы да осыған саяды: заңға адалдық, адам құқығына құрмет, кәсіби жауапкершілік және шынайы ақиқатты анықтауға деген ұмтылыс – анықтаушы жұмысының негізгі қағидалары.

Өйгерім ӘНУАРБЕК

Еңбек адамы

ДӘРІГЕРГЕ КҮШ БЕРЕТІН – НАУҚАСТЫҢ ШЫНАЙЫ АЛҒЫСЫ

Ауыл медицинасының шежіресінде ұзақ жылдар бойы халық денсаулығын сақтауға үлес қосқан мамандардың еңбегі айрықша. Өйткені ауыл дәрігері үшін қызмет – тек белгіленген жұмыс уақытымен шектелетін міндет емес, елмен етене араласуды, кез келген жағдайда науқасқа көмек көрсетуге дайын болуды талап ететін жауапты жол. Аудандық ауруханада 38 жылға жуық еңбек етіп, талай буын тұрғынның алғысын арқалаған стоматолог дәрігер Зәуреш Шалабаева да бар ғұмырын адам денсаулығына қызмет етуге арнаған мамандардың бірі. Тіс дәрігері үшін әр науқастың көңілін тауып, ауырсынуын басып, денсаулығына араша түсу – күнделікті жұмыс қана емес, жүрекке жауапкершілік жүктейтін кәсіби міндет. Бүгінде зейнеткерлік жасқа жетсе де, жас маман келгенше елге қажет екенін сезініп, қызметін жалғастырып жүрген Зәуреш Шалабаева ауыл медицинасындағы өзгерістерді, маман даярлау мен жас дәрігерлерді елді мекендерге тартудың маңызын, стоматологиялық аурулардың алдын алу мәселесін және өзіне өмір бойы серік болған дәрігерлік ұстанымдарын бөлісті.

Зәуреш Шалабаева – Байғанин ауданында дүниеге келген. Алматы медицина институтын тәмамдағаннан кейін Ақтөбе қаласында интернатурадан өтуге мүмкіндік алады. Сол кезеңде әкесі Байғанин аудандық ауруханасында бас дәрігердің орынбасары қызметін атқарған екен. Әкесінің ақылы мен туған жерге қызмет ету туралы ұсынысы жас маманның еңбек жолына үлкен ықпал етеді.

– Интернатураны Ақтөбе қаласында балалар стоматологиялық емханасында өттім. Әкем де осы саланы жақсы білетін, «ауылға маман болып барсаң, бала демей, үлкен демей, барлығына қызмет етесің» деп айтатын. Бір жылдық интернатурадан кейін туған жеріме келіп, еңбек жолымды Байғанин ауданында бастадым. Содан бері осы жерде жұмыс істеп келемін. Ұжымда өзіме үлгі болған аға буын өкілдері көп болды. Олардан мамандықтың қыр-сырын үйреніп, еңбекке жауапкершілікпен қарауды бойыма сіңірдім, – дейді кейіпкер.

Ол еңбек жолын бастаған жылдар мен қазіргі медицинаның жағдайын салыстыруға келмейтінін айтады. Бұрын ауылдағы дәрігердің кәсіби тұрғыда жетілуіне де, күнделікті жұмысын ұйымдастыруына да түрлі қиындықтар кездескен. Соған қарамастан жас маман қандай кедергі болса да еңсеруге тырысты.

Байғанин ауданының елді мекендерін түгелге жуық аралап, иссапармен барып, тұрғындарға стоматологиялық көмек көрсеткен кездері де аз емес. Ол кезде қазіргі секілді онлайн оқыту, қашықтан білім жетілдіру мүмкіндігі болмаған. Сондықтан мамандығын терең меңгеріп, жаңа әдістерді үйрену үшін дәрігерлер арнайы Алматыға барып оқитын.

Зәуреш Шалабаева стоматология саласындағы республикалық деңгейдегі съезд, симпозиум мен конференциялардың бірін де қалдырмай қатысуға тырысқан. Мұны ол кәсіби дамуың маңызды бөлігі деп қабылдады.

– Ол кезде онлайн оқу деген жоқ. Білімімізді жетілдіру үшін Алматыға баратынбыз. Стоматология саласында Қазақстанда өткен съезд, симпозиум, конференциялардың бірін де жібермеуге тырыстым. Өйткені әр барған сайын жаңа нәрсе көріп, үйреніп, тәжірибе жинақтап қайтатынмын. Дәрігер бір жерде тоқтап қалмауы керек. Медицина үнемі дамиды, соған қарай маман да ізденуі қажет, – дейді ол.

38 жылға жуық еңбек өтілі ішінде кейіпкер ауданның көптеген елді мекенінде тұрғындарға қызмет көрсетіп, бірнеше буын маманның қалыптасуына да өз үлесін қосты. Жас мамандарға тәлімгер болып, тәжірибесімен бөлісті. Бүгінде сол шәкірттерінің дені стоматология саласында еңбек етіп жүргені – оның кәсіби жолындағы үлкен жетістіктерінің бірі.

Дәрігердің айтуынша, стоматологиядағы ең маңызды дүние – тек медициналық білім емес, науқспен дұрыс қарым-қатынас орната білу. Әсіресе тіс дәрігеріне балалар мен ауырсынудан қорқатын науқастардың сенімін қалыптастыру аса маңызды.

– Дәрігер мен науқастың арасындағы адамгершілік қасиет менің басты ұстанымым болды. Науқасты жай ғана қабылдап, емдеп шығару

Қазір аудандық емханадағы стоматологиялық кабинет заманауи технологиялық құрал-жабдықтармен қамтылған. Қажетті материалдарға сұраныс берілген жағдайда, медициналық ұйым тарапынан қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіледі. Бұл жас маманның сапалы қызмет көрсетуіне мүмкіндік беретін маңызды жағдайдың бірі.

Зейнеткерлікке 2024 жылы шыққан Зәуреш Шалабаева бас



жеткіліксіз. Оның жағдайын түсініп, көңілін тауып, қорқынышын сейілте білу керек. Осыны өзімнен кейін келе жатқан жастарға да үнемі айтып отырамын. Ал қызметтегі негізгі ұстанымым – жауапкершілік. Әр науқастың денсаулығына салғырт қарауға болмайды, – дейді стоматолог.

Оның сөзінше, дәрігерге ең үлкен мотивация беретін нәрсе – науқастың шынайы алғысы. Күн сайын қабылдауға келген адамның ауырсынуын басып, ем нәтижесінің сәтті болғанын көру – маман үшін еңбектің ең үлкен бағасы.

дәрігердің ұсынысымен жаңа маман келгенше еңбек етуін жалғастырды. Быыл тамыз айында ауданға жас стоматолог маман келмек. Осылайша көп жылдық тәжірибесі бар маман өз орнын кейінгі буынға сеніммен тапсыруға мүмкіндік алып отыр.

Ауылға жас маман тарту мәселесінде соңғы жылдары жағдайдың едәуір өзгергенін де атап өтті. Бұрын баспана, инфрақұрылым, интернет пен әлеуметтік жағдай мәселелері жастардың ауылға келуіне кедергі келтіретін. Қазір бұл бағытта бірқатар мүмкіндік жасалған. Әсіресе жас дәрігерлерге берілетін біржолғы



әлеуметтік төлем мен тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған қолдаулар ауылға маман тартудың маңызды тетігіне айналып отыр. Алайда тәжірибелі дәрігердің пікірінше, маманды ауылға шақыру мен оны ауылда тұрақтандырудың арасы жер мен көктей.

– Қазір жас мамандарға еңбек етуге бұрынғыдай емес, барлық жағдай жасалып жатыр. Газ, интернет жоқ деген сылтаулардың көбі шешілді. Бұрын баспана мәселесі қиын болатын, қазір жас мамандарға біржолғы әлеуметтік төлем беріліп, үй алуға немесе үй салуға мүмкіндік қарастырылған. Бұл – ауылға келген жас дәрігердің еңбек жолына үлкен серпін. Бірақ маманды ауылға шақыру бір мәселе де, оны ауылда ұстап қалу – одан да маңызды мәселе. Жас адамның өмірі тек жұмыстан тұрмайды. Ол жұмыстан тыс уақытта демалып, достарымен араласып, мәдени әрі рухани дамуы керек. Сондықтан ауылда жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалса, бұл да маманды тұрақтандыруға әсер етеді, – дейді Зәуреш Шалабаева.

Оның айтуынша, ауылды дамыту тек тұрғын үй, жол немесе жұмыс орнын салумен шектелмеуі тиіс. Жастардың өмір сүру сапасы, мәдени демалысы, спортпен айналысуына және шығармашылықпен шұғылдануына мүмкіндік беретін орта да маңызды. Кинотеатр, заманауи мәдениет үйі, спорттық және шығармашылық орталықтар, жастардың басын қосатын демалыс орындары ауылдың әлеуметтік тартымдылығын арттыра түседі.

Стоматолог дәрігер қазіргі таңда аудан тұрғындарының ауыз қуысының саулығына деген көзқарасы да өзгеріп келе жатқанын байқайды. Бұрын тіс қатты ауырғанда ғана дәрігерге қаралатын болса, қазір, әсіресе жастар арасында профилактикаға көңіл бөлу арта түскен. Дегенмен күнделікті қабылдауға келетін науқастардың арасында тіскегінің асқынған түрімен жүгінетіндер әлі де бар.

Кейіпкердің айтуынша, емханаға күніне орта есеппен 18-20 адам қаралады. Олардың арасында тіскегісінің асқыну дәрежесімен келетіндер де кездеседі. Сондықтан стоматологиялық ауруларды емдеуден гөрі оның алдын алуға басымдық берген жөн.

Әсіресе балалардың тіс саулығы дәрігерді алаңдатады. Аудан орталығында 5 мектеп бар екенін айтқан ол оқушы санына қарай мектептердің жанынан стоматологиялық кабинеттер ашу қажеттігін алға тартады. Мұндай кабинеттер балаларды ерте жастан стоматологқа қаралуға үйретіп қана қоймай, ауыз қуысының тазалығын сақтаудың маңызын түсіндіруге мүмкіндік береді.

– Қазір балалар арасында тіскегісі көп кездеседі. Сондықтан бала-

ның кішкентай кезінен ауыз қуысын қалай таза ұстау керектігін үйрету қажет. Мектептердегі бала санына қарай стоматологиялық кабинеттер ашылса, бұл профилактикалық жұмысты күшейтуге үлкен мүмкіндік болар еді. Балаларға тісті дұрыс тазалауды, ауыз қуысына күтім жасауды ерте жастан үйрету керек. Тіс ауырғанда ғана емдеуге емес, аурудың алдын алуға мән бергеніміз дұрыс, – дейді дәрігер.

Стоматологиядағы ұзақ жылғы тәжірибесі оған бір нәрсені анық ұқтырған: тіс саулығы адамның жалпы денсаулығымен тығыз байланысты. Сондықтан ауыз қуысының тазалығын сақтау, дұрыс тамақтану, тісті жүйелі түрде тазалау және стоматологқа уақытылы қаралу – әр адамның күнделікті әдетіне айналуы қажет.

Дәрігер аудан тұрғындарына жылына кемінде бір рет стоматологқа профилактикалық тексеруден өтіп, ауыз қуысын санациядан өткізуге кеңес береді. Тіс ауырғанша күтпей, ауруды бастапқы кезеңінде анықтау емдеу үдерісін де жеңілдетеді.

Бүгінде жеке стоматологиялық емханалар мен жеке тіс емдеу кабинеттерінің жұмыс істеуі тұрғындарға таңдау мүмкіндігін арттырып отыр. Соған қарамастан ауылға кәсіби мамандардың келуі әлі де маңызды. Өйткені стоматологиялық қызметке деген сұраныс тұрақты. Ал тәжірибелі мамандардың кейінгі буынға жол беруі – ауыл медицинасының сабақтастығын қамтамасыз ететін табиғи үдеріс.

Зәуреш Шалабаева үшін 38 жылдық еңбек жолы – күнтізбедегі жылдар жиынтығы емес, адам тағдырымен астасқан уақыт. Ол осы жылдар ішінде талай баланың алғашқы тіс дәрігері болса, талай азаматтың ауырған тісін емдеп, денсаулығына араша түсті. Ең бастысы, мамандықтың қадірін еңбегімен дәлелдеп, өзінен кейінгі жас дәрігерлерге тәжірибесін аманат етті.

«Дәрігердің еңбегін өлшейтін ең үлкен өлшем – науқастың алғысы» деген ұстаным оның бүкіл кәсіби жолына арқау болғандай. Ендігі міндет – осы тәжірибені жас мамандарға табыстап, ауылдағы стоматологиялық қызметтің сапасын одан әрі арттыру. Себебі ауылға келген әрбір жас дәрігер – тек бір жұмыс орнына келген маман емес, ел денсаулығына жауапты жаңа буынның өкілі.

Ал Зәуреш Шалабаева секілді тәжірибелі мамандардың өмір жолы – жас дәрігерлер үшін кәсіби мектеп. Өйткені ауыл медицинасында білім мен біліктіліктен бөлек, туған жерге адалдық, адамға деген құрмет және өз ісіне жауапкершілік секілді қасиеттердің орны бөлек. 38 жыл бойы осы қағидаларды серік еткен дәрігердің еңбегі де ел жадында қалары сөзсіз.

Өйгерім ЖАРТИНА

ОРМАН ЖӘНЕ ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Жаз мезгілінде ауа температурасының жоғарылауы, жауын-шашынның аз болуы және қатты желдің соғуы орман мен дала өрттерінің шығу қаупін арттырады. Мұндай өрттер қысқа уақыт ішінде үлкен аумаққа таралып, елді мекендерге, ауыл шаруашылығы жерлеріне, табиғи экожүйеге және азаматтардың өмірі мен денсаулығына зор қауіп төндіреді.



Статистика көрсеткендей, табиғи өрттердің басым бөлігі адам факторынан болады. Демалыс кезінде жағылған оттың толық сөндірілмеуі, темекі тұқылын бейберекет тастау, құрғақ шөп пен қоқысты өртеу, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарын елемей қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Кейбір жағдайларда найзағайдың түсуі де өрттің шығуына себеп болады.

Алайда мұндай жағдайлар адам әрекетінен болатын өрттермен салыстырғанда әлдеқайда сирек кездеседі. Өрттің алдын алу – оны сөндіруден әлдеқайда жеңіл әрі тиімді. Сондықтан әрбір азамат табиғат аясында демалғанда қарапайым қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Орман мен далада отты тек рұқсат етілген орындарда ғана жағып, кетер

алдында оның толық сөнгеніне көз жеткізу қажет. Темекі тұқылын немесе жанған сіріңкені жерге тастауға болмайды. Құрғақ шөпті, сабанды және тұрмыстық қалдықтарды өртеуге жол берілмейді. Автокөлікті құрғақ шөптің үстіне қою да өрттің шығуына себеп болуы мүмкін. Ауыл шаруашылығы құрылымдары мен шаруа қожалықтарының басшылары

ерістік алқаптарында өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына ерекше көңіл бөлуі қажет. Техникалардың жарамдылығын қадағалау, алғашқы өрт сөндіру құралдарын дайындау, өртке қарсы минералдандырылған жолақтар жасау және қызметкерлерге қауіпсіздік бойынша нұсқама өткізу – маңызды міндеттердің бірі.

Егер орман немесе дала өртін байқасаңыз, оны өз күшіңізбен сөндіруге қауіп төнген жағдайда әрекет жасамаңыз. Дереве қауіпсіз жерге шығып, өрт туралы 101 немесе 112 нөміріне хабарлап, мүмкіндігінше өрттің нақты орналасқан жерін жеткізіңіз. Бұл өрт сөндіру қызметтерінің оқиға орнына жедел жетуіне мүмкіндік береді.

Құрметті аудан тұрғындары! Табиғатты қорғау – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау арқылы біз орман байлығын, жануарлар дүниесін, ауыл шаруашылығы алқаптарын және ең бастысы – адам өмірін сақтай аламыз. Қарапайым қауіпсіздік талаптарын орындап, табиғатқа жанашырлықпен қарайық. Өрттің алдын алу – баршамызға ортақ міндет.

Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЕСІРТКІ – ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ҚАС ЖАУЫ

Сұхбаттасушы:
Ащы ауылдық округінің медбикесі, Нұрқайтбай Анаргүл

– Анаргүл Жақсылыққызы, ең алдымен, нашақорлық деген ұғымға түсініктеме беріп өтсеңіз. Бұл дерт қалай пайда болады?

– Нашақорлық – бұл есірткі заттарына тәуелділік. Бұл тек физикалық қана емес, сонымен қатар психологиялық тәуелділік. Есірткіні бір рет байқап көруден бастап, кейін адам соған мұқтаж болып, денсаулығын да, өмірін де құрдымға жібереді. Адам бірте-бірте қалыпты өмір салтынан алыстап, айналасына, отбасына, тіпті өзіне де зиян келтіре бастайды.

– Қазіргі таңда бұл дерт қаншалықты қауіпті деңгейде?

– Өте алаңдатарлық. Бұрын тек үлкен қалаларда кездесетін болса, бүгінде ауыл-аймақтарға да жетіп отыр. Ең өкініштісі – бұл дертке шалдыққандардың көбі – жастар. Әлеуметтік желілер арқылы таралатын синтетикалық есірткілер арзан әрі жасырын түрде сатылатындықтан, оларды бақылау өте қиын. Көп жағдайда ата-аналар баласының мұндайға әуестеніп жүргенін кеш байқайды.

– Есірткіге тәуелділіктің алғашқы белгілерін қалай байқауға болады?

– Бұл өте маңызды сұрақ. Алғашында адамда ашушандық, тұйықталу, ұйқы мен тамаққа тәбеттің бұзылуы байқалады. Көзі қанталап, сөйлеу қабілеті баяулайды. Мінез-құлқында



оғаштықтар пайда болады. Мұндайда ата-ана, мұғалім немесе жақын адам дереу әрекет етуі керек. Уақыт өткізіп алса, ол адамның өмірін сақтап қалу қиындай түседі.

– Ата-аналар мен қоғам бұл мәселеге қалай қарсы тұра алады?

– Ең алдымен, бала тәрбиесінде ашық қарым-қатынас маңызды. Қазіргі жастар интернеттен бәрін біліп отырады. Сондықтан ата-ана да сауатты болуы тиіс. Баламен жиі сөйлесіп, кіммен араласып жүргенін, немен айналысатынын біліп отыру керек. Сонымен бірге, мектеп, дәрігер, уәскелік инспектор, ауыл бел-

сенділері бірігіп, жастардың бос уақытын пайдалы істерге жұмсауын қамтамасыз ету қажет. Ауылымызда спорттық үйірмелер, мәдени іс-шаралар, дебат клубтары жұмыс істеп тұр. Бұл – нашақорлықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі.

– Қоғамда нашақорларды емдеуге деген көзқарас қандай болу керек деп ойлайсыз?

– Біздің қоғамда көбіне нашақорларды кінәлап, сыртқа тебу байқалады. Бірақ бұл – ауру. Емдеуге болатын, тек ерік пен қолдау қажет болатын дерт. Оларды қоғамға қайта бейімдеу, психологиялық көмек көрсету, оңалту орталықтарына жолдау –

біздің азаматтық міндетіміз. «Бір құлап түскен тағдыр, қайта тұра алмайды» деген ұғым дұрыс емес. Керісінше, әр адамға екінші мүмкіндік берілуі тиіс.

– Соңында оқырмандарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Денсаулық – ең үлкен байлық. Есірткі – өмірді құрдымға апаратын жол. Қандай қиын жағдай болса да, одан шығатын жол бар. Жастарымызды құтқарайық десек, әрбіріміз әрекет етуіміз керек. Балаларымыздың өміріне бейжай қарамайық. Жақсылықтың кілті – бірлік пен білімде.

«Ащы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ДРОППЕР БОЛМАҢЫЗ: ОҢАЙ АҚШАҒА ҚЫЗЫҚПАҢЫЗ. БІР КАРТА – БІР ҚЫЛМЫСҚА ЖОЛ

Соңғы уақытта интернет-алаяқтықтың жаңа тәсілдері кең таралуда. Алаяқтар азаматтардың ақшасын иемденіп қолма-қол қоймай, ұрланған қаражатты басқа адамдардың банк шоттары мен карталары арқылы аударып, іздерін жасыруға тырысады. Мұндай адамдарды «дроппер» немесе «дроп» деп атайды.



Дроппер деген кім?

Дроппер – алаяқтар заңсыз жолмен алған ақшаны өзінің банк картасы немесе шоты арқылы қабылдап, кейін басқа шоттарға аударып беретін адам. Көп жағдайда ол бұл әрекеті үшін белгілі бір мөлшерде ақша немесе аударылған қаражаттың пайызын алады. Алаяқтар дропперлерді әртүрлі жолмен іздейді. Мысалы, әлеуметтік желілерде немесе мессенджерлерде:

- «Үйден жұмыс істеу»;
- «Күніне бірнеше сағат жұмыс істеп, оңай ақша табу»;
- «Банк картасы арқылы ақша өткізіп, пайыз алу»;
- «Ақша аударымдарын қабылдайтын адам қажет» деген мазмұндағы ұсыныстар жариялануы мүмкін. Сырт көзге бұл заңды жұмыс сияқты көрінгенімен, шын мәнінде азамат қылмыстық схемаға араласуы ықтимал.

«Мен алаяқтыққа қатысқанымды білмедім» деу құтқара ма? Әрдайым емес. Дроппер өзінің әрекеті заңсыз екенін түсінбеуі мүмкін. Мысалы, бір адамға «біздің компанияның төлемдерін қабылдап, басқа шотқа аударып отырсаң, комиссия төлейміз» деп ұсыныс жасалуы ықтимал. Алайда өз банк картасын немесе шотын басқа адамның пайдалануына беру, бейтаныс адамдардың ақшасын қабылдап, әрі қарай аудару – үлкен қауіп. Егер картаңыз арқылы заңсыз жолмен алынған қаражат өтсе, құқық қорғау органдары ақша қозғалысын тексеру барысында сіздің шотыңызға да назар аударады. Өйткені тергеу кезінде ақша кей шоттар арқылы өткенін анықтау маңызды.

Дропперлер не үшін керек

Алаяқтар ұрланған ақшаны бірден өз есепшоттарына аудармай, бірнеше адамның картасы мен шоттары арқылы өткізуі мүмкін. Мұндай тәсіл ақша қозғалы-

сын күрделендіріп, қылмыскерлердің жеке басын жасыруға мүмкіндік береді. Мысалы, жәбірленушінің ақшасы бір шотқа түсіп, одан кейін бірнеше банк картасына аударылып, соңында қолма-қол ақшаға айналдырылуы мүмкін. Осы тізбектегі әрбір адам тергеу үшін маңызды болуы ықтимал. «Оңай ақшаға» алданбаңыз!

Егер сізге бейтаныс адам: «Картаңыз уақытша пайдалануға бер», «Шотыңа ақша түседі, басқа адамға аударып жібересің», «Ол үшін саған пайыз төлейміз» деген ұсыныс жасаса, сақ болыңыз. Банк картасының деректерін, интернет-банкінгке кіру мәліметтерін, SMS арқылы келген кодтарды және басқа да құпия ақпаратты ешкімге бермеңіз. Егер картаңызға бейтаныс адамнан ақша түссе, оны өз бетіңізше басқа шотқа аудармаңыз немесе қолма-қол ақшаға айналдырмаңыз. Алдымен банкке хабарласып, жағдайды түсіндірген дұрыс. Қылмыстық жауапкершілік бар Дропперлік әрекет адамның қылмыстық схемаға қатысуына әкелуі мүмкін. Егер оның әрекетінен қылмыс құрамы анықталса, ол заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тартылуы ықтимал. Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық үшін жауапкершілік көзделген.

Сондықтан «мен тек картамы бердім», «ақшаны басқа адам аударды», «маған аз ғана пайыз төледі» деген уәждер заң алдындағы жауапкершіліктен автоматты түрде босатпайды.

Есте сақтаңыз: сіздің банк картаңыз – тек сіздің жеке қаражатыңызға арналған. Оны бөтен адамдардың ақша аударымдары үшін пайдалануға бермеңіз. Алаяқтардың уәдесіне сеніп, аз ғана пайда үшін өзіңізді үлкен мәселеге қалдырмаңыз. Оңай ақша жоқ. Ал бөтен ақшаны өткізу – қылмысқа апаратын жол болуы мүмкін.

Сақ болыңыз! Күмәнді ұсыныстан бас тартыңыз және банк картаңыздың қауіпсіздігін сақтаңыз.

Аудандық ішкі саясат бөлімі

НАШАҚОРЛЫҚ – ЖАСТАР БОЛАШАҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

Қазіргі қоғамда нашақорлық мәселесі әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Есірткіге тәуелділік – бір адамның ғана емес, тұтас отбасы мен қоғамның мәселесіне айналуы мүмкін күрделі дерт. Бұл мәселе адамның денсаулығына ғана емес, оның білім алуына, еңбек етуіне, әлеуметтік ортасына және болашақ жоспарына кері әсер етеді.

Әсіресе жастардың есірткінің зияны туралы дұрыс ақпарат білуі маңызды. Кейде адамның қауіпті іске қызығушылығы жалған ақпараттан, теріс ортаның ықпалынан немесе есірткінің зиянын толық түсінбеуден басталуы мүмкін. Әлеуметтік желілердегі жауапсыз ақпараттар да жастардың көзқарасына әсер етуі ықтимал. Сондықтан көз келген ақпаратқа сын көзбен қарап, күмәнді ұсыныстардан аулақ болу қажет.

Нашақорлық адамның өмір салтына, оқуына, жұмысына және жақындарымен қарым-қатынасына кері әсер етеді. Тәуелділік күшейген сайын адамның өзіне деген сенімі төмендеп, отбасымен және достарымен қарым-қатынасы бұзылуы мүмкін. Оның салдары тек тәуелді адамның өзіне ғана емес, отбасы мүшелеріне де ауыр тиеді. Бұл мәселенің алдын алуда ата-ананың, ұстаздардың және қоғамның рөлі ерекше. Жасөспіріммен есірткінің зияны туралы ашық әрі түсінікті сөйлесу, оның мәселелеріне назар аудару және қолдау көрсету маңызды. Бала өзін жалғыз сезінбейтін, ойын еркін жеткізе алатын ортада болса, теріс ықпалдарға қарсы тұра да жеңілдейді.

Нашақорлықтың алдын алу – бір күнде шешілетін мәселе емес. Ол үшін отбасы, білім беру ұйымдары,

жастар ортасы және қоғам бірлесе жұмыс істеуі қажет. Жастарға дұрыс тәрбие беру, сапалы білім алуына мүмкіндік жасау және өз қабілетін дамытуына жағдай жасау – олардың болашағын қорғаудың тиімді жолдары.

Есірткісіз қоғам құру – ортақ міндет. Әр жас өз болашағын бағалап, денсаулығына жауапкершілікпен қарауы керек. Өмірде қиындықтар кездескен жағдайда қауіпті жолды емес, көмек сұрауды және дұрыс шешім қабылдауды тандау маңызды. Нашақорлыққа қарсы ең мықты қару – дұрыс тандау, сапалы тәрбие, отбасының қолдауы және саналы ұстаным. Бүгінгі жастардың тандауы – ертеңгі қоғамның келбеті. Сондықтан әрбір жас өз өмірі мен болашағын бағалап, есірткіден аулақ болуға ұмтылуы қажет.

Есірткі – уақытша қызығушылық емес, адамның өміріне кері әсер ететін қауіпті жол. Сондықтан әрбір жас өз болашағын бағалап, зиянды әдеттерден бас тартып, дұрыс орта мен пайдалы мақсаттарды тандауы керек.

Салауатты ұрпақ-жарқын болашақтың негізі. Нашақорлықтың алдын алу-баршамызға ортақ міндет.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1325
Тапсырыс №1269
Көлемі 1 баспа табақ.